



№ 48 БҰЙРЫҚ
07.08.25m.

№ _____ ПРИКАЗ

**Астана қаласы
Ішкі саясат басқармасының
2025 жылға арналған
үкіметтік емес ұйымдарға
мемлекеттік гранттар берудің
басым бағыттар тізбесін бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, ұсыну, мониторингтеу және тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының қоса беріліп отырған Тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) бекіту.
2. Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының Тізбесін Басқарманың интернет-ресурсында орналастыру.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз ету.
4. Осы бұйрықты орындауды бақылау басқарма басшысының орынбасары И. Баймановқа жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

Н. Альмуханов

№ 48
07-08. 252

**Об утверждений Перечня
приоритетных направлений
государственных грантов для
неправительственных
организации на 2025 год
Управления внутренней политики
города Астаны**

В соответствии с пунктом 9 Правил формирования, предоставления мониторинга и оценки эффективности государственных грантов, утвержденных приказом Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 сентября 2022 года № 406, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Перечень приоритетных направлений государственных грантов для неправительственных организации на 2025 год (далее - Перечень).
2. Разместить Перечень приоритетных направлений государственных грантов на интернет-ресурсе Управления.
3. В установленном законодательством Республики Казахстан в порядке обеспечить принятие иных мер, вытекающих из настоящего приказа.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Заместителя Управления И. Байманова.
5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Руководитель Управления



Н. Альмуханов

2025 жылдың Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттарының

басым бағыттарының тізімі

№	Мемлекеттік грант саласы туралы 5-баптың 1-тармағына сәйкес заң	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Мәселенің қысқаша баяндамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Мақсатты индикатор
1.	Азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің тиімділігін арттыру	Астана қаласында тұрақты даму мақсаттарының жетістіктерін мониторингте у, сонымен қоса жүзеге асырылуын мониторингтеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	Астана қаласында тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, алайда прогресті жүйелі және қолжетімді визуализациялау қажеттігі сақталады, әсіресе әлеуметтік әлсіз топтарға қатысты. Осы күш-жігердің тиімділігін арттыру үшін ТДМ жетістіктерін мониторингтеу және бағалаудың ашық, инклюзивті және нақты механизмдерін құру маңызды. Жобаға тәуелсіз сарапшылар мен мемлекеттік органдардың қатысуымен жүзеге асырылуы әлсіз топтардың шешім қабылдау процессіне қатысуын күшейтіп, тұрақты, әрі әділ даму мақсатында жүзеге асырылатын шаралардың сапасы мен	8 928,0 мың.	1 қысқа мерзімді	<p>Жобаның мақсатты индикаторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Астана қаласының әлеуметтік осал топтарының кем дегенде 300 өкілі арасында Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) және олардың жүзеге асуына қатысу мүмкіндіктері жөніндегі білім деңгейін арттыру. 2. Ақпараттық қамтылудың кемінде 10 000 қаралымға жетуі. <p>Жобадан күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) міндеттерін түсіндіру және олардың іске асуына қатысудың практикалық жолдарын көрсету мақсатында кемінде 300 қатысушылар үшін білікті тренерлер/спикерлер өткізетін кемінде 10 оқу семинарларын ұйымдастыру; 2. Мемлекеттік органдардың, әлеуметтік осал топтардың және басқа мүдделі тараптардың өкілдерінің қатысуымен тәуелсіз сараптамалық дөңгелек үстел ұйымдастырып, осал топтарды тұрақты

				нақты арттырады.	бағытталуын				<p>даму күн тәртібіне қосу үшін кедергілерді, мүмкіндіктерді және тиімді механизмдерді талқылау, қатысушылар саны кемінде 100 адам болуы тиіс;</p> <p>3. Әлеуметтік осал топтардан кемінде 50 қатысушымен бастамалар әзірлеу бойынша практикалық сессия өткізу, оның аясында қатысушылар ТДМ контекстінде өздерінің өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған идеялары мен жобаларын әзірлеп, ұсынады.</p> <p>4. Жобаның қатысушыларына бастамаларды дайындау кезеңінде консултациялық қолдау көрсету — назарды әлеуметтік маңызы бар, оңай жүзеге асырылатын және осал топ өкілдері бастамашы болған идеяларды әзірлеуге аудару.</p> <p>5. Жобаның қатысушыларымен бірлесіп әзірленген, әлеуметтік осал топтардың тұрақты даму бастамаларына қатысуын кеңейтуге бағытталған ұсыныстарды, ең жақсы тәжірибелер мен осындай бастамаларды қолдауға арналған ұсыныстарды қосу арқылы қоғамдық талқылау және таныстыру.</p>
2.	Азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің	ҮЕҰ шешімдер платформасы: азаматтық бастамалар мен қоғамдық институттарды дамыту.	Азаматтар мен ҮЕҰ-лардың қоғамдық маңызды мәселелерді шешуге қатысуына деген қызығушылық артып келеді. Сонымен бірге, мемлекеттік органдар мен азаматтық сектор арасындағы	8 928,0	1 қысқа мерзімді	Мақсатты индикатор: 1. Астана қаласының кемінде 70 ҮЕҰ және жергілікті атқарушы органдар өкілдерін тарту. 2. Қатысушылардың кемінде 75%-ы соңғы сауалнама нәтижесі бойынша азаматтық бастамаларды қолдау мәселелері бойынша білім деңгейінің			

	<p>тиімділігін арттыру.</p>	<p>серіктестікті, әсіресе жергілікті деңгейде нығайтуға мүмкіндік бар. «Төменнен» көтерілетін бастамаларды қолдаудың ашық әрі ыңғайлы механизмдерін дамыту, сондай-ақ ҮЕҰ-лардың жобалау және қаржыландыру саласындағы қабілеттерін жетілдіру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, табысты шешімдер мен тәжірибелерді тұрақты түрде алмастыру форматтарын құру қоғамдық институттарды нығайтуға және азаматтардың өз қауымдастықтарының дамуына белсенді қатысуына септігін тигізеді.</p>		<p>артқанын көрсетеді.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттік органдар, бастамашы топтар және азаматтық сектордың басқа да өкілдерін қосқанда, кемінде 70 қатысушымен оқыту семинарын өткізу. 2. Кемінде 30 үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен азаматтық шешімдер бойынша қысқа мерзімді шығармашылық жарыс өткізу, оның аясында кемінде 5 бастама дайындалады. 3. Қысқа мерзімді шығармашылық жарыс аясында үздік бастамаларға арналған әрқайсысы 1 000 000 теңге көлемінде, кемінде 5 шағын грант беру. (ережені тапсырыс берушімен келісу қажет). 4. Жүзеге асырылған бастамалардың кемінде 2 визуалды кейсін және форматты кеңейту бойынша ұсыныстар енгізілген аналитикалық жазбаны дайындау.
		<p>Барлығы</p>	<p>17 856,0</p>	